

«Избасов» ДК мен «Жас Трейд» ЖШС арасында 1 300 000 теңге сомасына екі данадағы тұрғын вагондарды сатып алу-сату шарты жасалды, шарт бойынша төлем тауарды жөнелткен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс болатын. Тауар 2019 жылғы 15 қаңтарда жөнелтілді, алайда төлем жүргізілмеді. 2019 жылы 30 қаңтарында Избасов сатып алушыға наразылық хат жіберді, оған жауап ретінде 1 ақпанға қарай төлеу туралы кепілдік хатты алады. Төлем жүргізілмегендігіне байланысты 2019 жылғы 31 мамырда Избасов қарыз сомасын, тұрақсыздық айыбын және толық көлемдегі шығындардың орнын толтыру туралы талап арызымен сотқа жүгінеді. Жауапкер тұрақсыздық айыбының шартта көрсетілмегендігін және шарт ережелері бойынша барлық даулар соттан тыс тәртіпте келіссөздер арқылы шешілуі тиіс екендігін көрсетіп, қарсылық білдіреді.

1. Тауарға ақы төлеу бойынша борышқордың міндеттемені орындау мерзімінің соңғы күнін анықтаңыз:

- A) 22 қаңтар 2019 жыл;
- B) 21 қаңтар 2019 жыл;
- C) 20 қаңтар 2019 жыл;
- D) 19 қаңтар 2019 жыл;
- E) 23 қаңтар 2019 жыл;
- F) 24 қаңтар 2019 жыл.

2. Кейс бойынша тұрақсыздық айыбы мен шығындардың орнын толтырудың тәртібі мен шарттарын анықтаңыз:

- A) Көрсетілген жағдайда қарыз және шығын сомасы ғана өндірілуге жатады, өйткені тұрақсыздық айыбы шартта көзделмеген;
- B) Тұрақсыздық айыбы да, шығындар да өндірілуге жатады, өйткені борышқор құқықтық қатынастың арам ниетті қатысушысы;
- C) Несие берушінің заңды айып төлеуді өндіріп алуға құқығы бар екенін ескере келе, залалдар айып төлеумен жабылмаған бөлігінде ғана өндірілуге жатады;
- D) Айып төлеу мен залалдарды өндіріп алу кезінде тарап қарыз сомасын төлеуден босатылады;
- E) Қарыз сомасы ғана өндіріп алынады, өйткені шартта тұрақсыздық айыбы көрсетілмеген, осыған байланысты тарап шығындардың орнын толтыру құқығынан да айрылады;
- F) Ештеңе өндіріп алуға жатпайды.

3. Көрсетілген дау бойынша тектік соттылықты анықтаңыз:

- A) азаматтық істер бойынша жалпы юрисдикциядағы аудандық сот;
- B) мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот;
- C) төрелік сот;
- D) АХҚО соты;
- E) жалпы юрисдикциядағы облыстық соттар;
- F) ҚР Жоғары соты

4. Дауды тек соттан тыс тәртіпте келіссөздер арқылы шешу мүмкіндігі туралы Жауапкердің қарсылығына баға беріңіз:

- A) егер шартпен мұндай құқық көзделмесе де шартта көрсетілген сотқа дейінгі рәсімдерді сақтаған жағдайда тараптар сотқа жүгіну құқығынан айрылмайды;
- B) сотқа дейінгі тәртіп Талап қоюшымен наразылық хатты жіберу арқылы сақталып, нәтиже бермегендіктен, ол дауды шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы;
- C) шарт дауды соттық тәртіпте шешу құқығын шектеді және сондықтан бұл жағдайда Жауапкердікі дұрыс;
- D) наразылық хатты жіберу дауды соттан тыс тәртіпте шешу тәсіліне жатпайды және сондықтан сот талап арызды қайтаруды жүргізуі тиіс;
- E) наразылық хатты жіберу дауды соттан тыс тәртіпте шешу тәсіліне жатпайды және сондықтан сот талап арызды қабылдаудан бас тартуы тиіс;
- F) дау соттық тәртіпте шешілуге жатпайды.

2015 жылы Қазақстан Республикасы аумағында А. мемлекетінің компаниялары 2020 жылға дейін пайдалы қазбаларды барлау және өндіру туралы халықаралық шартқа Қазақстан Республикасы мен А. мемлекеті арасында қол қойды. 2017 жылы Қазақстан Республикасы елдегі биліктің ауысуына байланысты А. мемлекеті компанияларына барлау және өндіру жөніндегі қызметін әрі қарай жүзеге асыруға тыйым салды.

1. 2015 жылы А. мемлекеті мен Қазақстан Республикасы арасындағы болған жағдайды реттеу құжаты:

- A) 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясы
- B) 1945 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы
- C) 1982 жылғы Теңіз құқығы бойынша Конвенция
- D) 1970 жылғы Халықаралық құқық принциптері туралы Декларация
- E) 1986 жылғы Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар немесе халықаралық ұйымдар арасындағы шарттар құқығы туралы Конвенция
- F) 1978 жылғы Халықаралық шарттарға қатысты мемлекеттердің құқық мирасқорлығы туралы Вена конвенциясы

2. Халықаралық шартты жоюдың құқыққа сәйкес негіздемесі:

- A) шарт бойынша міндеттемелерді контрагентпен көп мөлшерде бұзу
- B) халықаралық шарттың жарамсыздығы
- C) мән-жайдың түпкілікті өзгеруі
- D) шарт жасасқан мерзімнің аяқталуы
- E) шарт объектісінің өмір сүруінің тоқтатылуы
- F) шарт бойынша қарастырылған барлық міндеттемелердің орындалуы

3. Әрекет етуші биліктің ауысуына орай 2017 жылғы тыйым салуды бекіту бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-әрекеті мына жағдайға негіз болады:

- A) халықаралық шарттың тоқтатылуына
- B) халықаралық шарттың орындалуына
- C) халықаралық шартты денонсациялауға
- D) халықаралық шарттың күшін жоюға
- E) болдырмау шарттарының туындауына
- F) халықаралық шартты тоқтата тұру

ҚР азаматы Мұқанов Біріккен Араб Әмірліктерінде (БАӘ) туристік сапарда жүргенде қызғаныш ниетімен өзінің әйелі Алманы сабайды, соның нәтижесінде әйелінің бір көзі көрмей қалады. Алма қонақүй қызметкерлерінен көмек сұрайды, ал олар жергілікті полицияны шақырады. БАӘ-нің құқық қорғау органдарына Мұқановқа қатысты арыз жазудан Алма бас тартады, алайда Қазақстанға келген соң ол ойынан айнып, өзінің тұрғылықты жері бойынша полицияға арызданады.

1. Мұқановтың әрекеттері денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру деп сараланады:

- A) Өмірге қауіптілігі белгісі бойынша
- B) Органнан айырылу белгісі бойынша
- C) Көру қабілетінен айырылу белгісі бойынша
- D) Органның өз функцияларын жоғалтуы белгісі бойынша
- E) Бет-әлпетінің қалпына келтірілмейтіндей бұзылуы белгісі бойынша
- F) Жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірінен астамын тұрақты түрде жоғалту белгісі бойынша

2. Мұқанов ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады, егер:

- A) БАӘ-де сотталған болса
- B) БАӘ-де сотталмаған болса
- C) БАӘ-де сотталған соң сотталғандығы жойылмаған болса
- D) Қазақстан мен БАӘ арасында ынтымақтастық туралы шарт жасалмаған болса
- E) Ол жасаған әрекет БАӘ-нің аумағында да қылмыстық-құқықтық тұрғыдан жазаланатын болса
- F) ҚР ҚК ол жасаған әрекет үшін БАӘ-нің заңнамасымен салыстырғанда жеңілірек жаза көздейтін болса

3. Аталған оқиға бойынша Қазақстандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастала алмайды:

- A) БАӘ-дегі ҚР Елшілігінің анықтамасынсыз
- B) БАӘ полициясының баянатынсыз
- C) Құқықтық көмек туралы сұрау салусыз
- D) Көзімен көргендердің айғағынсыз
- E) Алманың арызынсыз
- F) Мұқановтың кінәсін мойындап келуінсіз
- G) Медициналық құжаттарсыз
- H) Халықаралық шартсыз

4. БАӘ-нің аумағында ҚР азаматы Мұқановқа қатысты тергеу әрекеттері жүргізілуі керек:

- A) Тек қана ҚР ҚПК-не сәйкес
- B) Жергілікті заңнамаға сәйкес
- C) ҚР-ның және БАӘ-нің сот тәжірибесіне сәйкес
- D) Дипломатиялық хаттамаға сәйкес
- E) БАӘ-дегі ҚР Елшісінің нұсқаулықтарына сәйкес
- F) Ислам конференциясы аясындағы келісімдерге сәйкес
- G) Халықаралық шартқа сәйкес (ол болған жағдайда)
- H) ҚР тергеушісінің арнайы тапсырмасына сәйкес